

Ресми рецензент тарих ғылымдарының кандидаты, саяси ғылымдар докторы Симтиков Жомарт Құдайбергеновичтің «6D020200 – халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Сембаева Жансая Сембайқызының «Орталық Азияны біріктіру перспективасында Қазақстан - Өзбекстан ынтымақтастығы» атты диссертациясы туралы жазбаша пікірі

р/ н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/ немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға <b>сәйкестігі:</b>	<p>- "Қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың, халықаралық құқықтың, жаһандық, аймақтық және трансшекаралық геосаяси, геэкономикалық, геокеңістіктік үдерістердің өзекті мәселелерін зерттеу", яғни әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулердің ғылыми даму бағыты бойынша.</p> <p>- Мемлекеттік бағдарламаларға «Қазақстан Республикасының дамуының 2050 ж. даму стратегиясы», «Қазақстан Республикасының дамуының 2025 ж. дейін даму стратегиялық жоспары», ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтің Қазақстан халқына жолдауы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» (1.09.2021 ж.), «Қазақстан Республикасында білімді дамыту мемлекеттік бағдарламасы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы 2021-2025 жылдарға», «2020-2030 ж. Қазақстан Республикасының Сыртқы Саясатының тұжырымдамалары».</p>
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған ( <b>жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі</b> ); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған ( <b>бағдарламаның атауы</b> )	<p>Диссертация сәйкес келеді:</p> <p>- "Қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың, халықаралық құқықтың, жаһандық, аймақтық және трансшекаралық геосаяси, геэкономикалық, геокеңістіктік үдерістердің өзекті мәселелерін зерттеу", яғни әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулердің ғылыми даму бағыты бойынша.</p>

		3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес ( <b>бағытын көрсету</b> )	
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b>қосады</b> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <b>ашылған</b> /ашылмаған.	«Орталық Азияны біріктіру перспективасында Қазақстан - Өзбекстан ынтымақтастығы» тақырыбындағы зерттеу жұмысы үлкен ғылыми қызығушылық тудырады. Диссертация Орталық Азияның интергациясы мәселелері бойынша жақсы <b>ашылып жазылған және елеулі үлес қосады</b> , сонымен қатар зерттеу жұмысында Қазақстан мен Өзбекстан ынтымақтастығы негізінде Орталық Азияның консолидациясы тәсілі қолданылған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертацияны жазуда ізденуші дербестік танытып, өзі жазу деңгейі <b>жоғары</b> болды.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <b>негізделген</b> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген	Тақырыптың өзектілігі <b>негізделген</b> . Аймақтың елдері Қазақстан мен Өзбекстанның ынтымақтастығы, кезіндегі үлкен мемлекеттің құлауынан кейін пайда болған тәуелсіз елдердің халықаралық өзара іс-әрекеті Орталық Азияның консолидациясының интеграцияға дейінгі аралық кезең ретінде өзекті болып табылады. Қазіргі заманғы қауіп-қатерлер, әлемдік саясаттағы сындар, мәселен, Ауғаныстандағы саяси биліктің ауысуы, ортақ қауіпсіздік мәселелері, су ресурстары, экология және тағы да басқалары Орталық Азия мемлекеттерінің консолидациясы үшін ынталандырушы фактор болуы тиісті.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <b>айқындайды</b> ;	Диссертацияның мазмұны тақырыпты толықтай <b>айқындайды</b> және ашады.

		2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <b>1) сәйкескеледі;</b> 2) жартылай сәйкескеледі; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мазмұны зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне <b>толықтай сәйкес.</b>
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: <b>1) толық байланысқан;</b> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Зерттеу жұмысының барлық бөлімдері мен тұжырымдамалары толықтай логикалық <b>бір-бірімен байланысты.</b> Жұмыс Ішкі бірлікпен, бөлімдер мен бөлімдердің нақты және өзара әрекеттесуімен ерекшеленеді. Диссертация – толықтай аяқталған ғылыми жұмыс. Бұл көбінесе Қазақстан мен Өзбекстанның халықаралық ынтымақтастығын жүйелі талдау мәселесін анықтаумен байланысты.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <b>1) сыни талдау бар;</b> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Зерттеу барысында қолданылған эмпирикалық әдістерімен қатар сауалнама сияқты қолданбалы зерттеу әдістері диссертациялық жұмысты <b>айтарлықтай байытты.</b> Қазақстан мен Өзбекстанда жүргізілген әрқайсысынан 100 респонденттен тұратын байланыс және сырттай сауалнама арқылы Қазақстан және Өзбекстан арасындағы ынтымақтастық негізіндегі Орталық Азия мемлекеттерінің консолидация жолдарының күтілуінің болжамын жасауға, анықтауға мүмкіндік берген.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдамалар <b>толықтай жаңа.</b> Қазақстан мен Өзбекстан негізіндегі Орталық Азияның консолидациясын интеграцияға дейінгі аралық кезең ретіндегі ұсынуын ерекше атап өтуге болады. Реляциялық байланыс, мемлекеттің икемділігі сияқты жаңа теориялар қолданылған. Зерттеу тақырыбы бойынша ауқымды дереккөздер жиыны ғылыми айналымға енгізілді.

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма ?</p> <p><b>1)толығымен жаңа;</b>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары мен тұжырымдамалары <b>толықтай жаңа</b> және негізделген.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><b>1)толығымен жаңа;</b>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <b>жаңа</b> және негізделген болып табылады. Жаңа тәсілдер мен теориялардың негізінде Қазақстан мен Өзбекстанның ынтымақтастығына талдау жүргізу арқылы Орталық Азияның консолидациясының теориялық моделі жасалынған.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Ж. Сембаеваның диссертациялық жұмысының барлық қорытындылары мен тұжырымдамалары ғылыми дәлелдемелерде <b>негізделген.</b></p>
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1)<b>дәлелденді;</b>  2)шамамен дәлелденді;  3)шамамен дәлелденбеді;  4)дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалдыма?</p> <p>1)ия;</p>	<p>Қорғауға келесідей тұжырымдамалар шығарылған.</p> <p>1. Орталық Азияны зерттеуде жұмыста қолданылған дәстүрлі теориялар, әдістер және тұжырымдамалар, мәселен: әлемдік жүйелілік, реализм мен саяси элита, бақылау және осымен қатар жаңа теориялар (реляциялық байланыс, мемлекеттің икемділігі) Қазақстан мен Өзбекстанның мемлекетаралық стратегияларына талдау жүргізуге ықпалын тигізді. Қазіргі кезеңде бұл мемлекеттер өзара ынтымақтастықтарын тереңдетіп қана қоймай, Орталық Азияның қалған елдеріне үлгі боларлық үдеріс ретінде көрсетілуде. Қазақ - өзбек</p>

		<p>2)жоқ</p> <p>7.3 Жаңама?</p> <p>1)ия;</p> <p>2)жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1)тар;</p> <p>2)орташа;</p> <p>3)кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1)ия;</p> <p>2)жоқ</p>	<p>ынтымақтастығы толықтай Орталық Азияның динамикалық дамуында маңызды кілт рөлді атқаруға тиісті. «Консолидация» ұғымы Орталық Азия елдерінің аймақтық интеграцияға деген бірінші қадам ретінде қарастырылады.</p> <p>Бұл тұжырымдама Қазақстан-Өзбекстан ынтымақтастығын талдау кезінде халықаралық қатынастардың теориялары мен тәсілдері ғана емес, бағдарламалық жасақтама және кейбір саяси теориялар қолданумен <b>дәлелденді</b>.</p> <p>Нәтижесі жаңа, Scopus деректер базасының "Central Asia and Caucasus" журналындағы жарияланыммен <b>расталған</b>.</p> <p>2. Шетелдік сараптама Қазақстан мен Өзбекстанның халықаралық өзара іс- әрекеті, Орталық Азиялық мемлекеттердің интеграциясын зерттеудің өзіндік әдісі мен әдіснамасын жасап шығарды. Олар Орталық Азия елдерінде болып жатқан трансформациялардың логикасын жақсы түсінуге мүмкіндік беретін даулы және аз зерттелген деп саналатын мәселелерде белсенділік көрсетеді.</p> <p>Екінші тұжырымдама арқылы зерттеудің өзіндік әдісін жасап шығарушы шетелдік сарапшылардың талдауымен дәлелденіп, ҚР БҒМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналда аралық нәтижелерді жариялау негізінде шығарылған мақалада <b>дәлелденді</b>.</p> <p>3. Қазақстан мен Өзбекстан Республикалары өздерінің ынтымақтастық қызметінде ЕурАзЭҚ, ШЫҰ, ҰҚШҰ сияқты халықаралық ұйымдарынға мүшеболып табылады. Ескере кететіні кейбіреуінде Өзбекстан толыққанды мүше емес. ЕурАзЭҚ пен ШЫҰ-ң дамулары Орталық Азиялық елдердің геэкономикалық мүдделеріне қарай дами алуы мүмкін. Бір жағынан алып қарағанда ШЫҰ мен ЕурАзЭҚ ұйымдарының болуы Орталық Азия елдерінің консолидация арқылы өзіндік жеке аймақтық көп жақты ынтымақтастықтың қалыптасуына әсер етіп, одан әрі аймақтық деңгейде ұйымдармен өзара қарым-қатынастарын жүргізуіне әкелу мүмкіншіліктері бар.</p>
--	--	---	--

Тұжырымдама Қазақстан мен Өзбекстанның ЕурАзЭҚ және ШЫҰ-ға қатысуын талдамалық өңдеуге негізделеді. Айта кететіні, Өзбекстан тек бақылаушы мемлекет. ЕурАзЭҚ пен ШЫҰ бір жағынан Орталық Азия мемлекеттерінің геэкономикалық мүдделерін ескере отырып дами алады, ал екінші жағынан Орталық Азия интеграциясына түрткі бола алады деген қорытынды жасалды.

Нәтиже жаңа және Scopus деректер базасының журналында жариялануымен **расталады.**

4.Қазақстан мен Өзбекстанның экономикалық өзара іс-әрекеттері динамикасына талдау жүргізе отырып,қайта индустрияландыруды дұрыс жүргізу есебімен қатар, басымдықты және барлық күшті экономикалық даму үдерістеріне аса мән беру арқылы тұрақты даму мен қауіпсіздікпен қамтамасыз етуге қол жеткізуге болады. Орталық Азия елдерін зерттеуде бақыланып отырған ортақ мәселелер жиынтығы керісінше табысты ынтымақтастық пен өзара іс-қимылдың бастама нүктесіне айналуға тиісті. Аталмыш факторлар: аймақтың елдерінің реляциялық жақындығы, ортақ тарихи – мәдени өткені мен бірегей табиғи орта, бірін- бірі толықтырушы экономикалық және өндірістік салалардың барлығы Орталық Азияның консолидациясына ықпал етеді.

Тұжырымдама екі мемлекеттің халықаралық ынтымақтастығы бойынша көптеген дереккөздерді зерделеу және сыни талдау арқылы дәлелденді, нәтиже COVID-19 жағдайындағы ынтымақтастықты талдауды ескере отырып жаңа болып табылады. Бұл ереже ҚР БҒМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдағы мақаласында, халықаралық конференция мақаласында және Scopus деректер базасының "Central Asia and Caucasus " журналының мақаласында көрініс тапты.

5. Қазақстан мен Өзбекстан өз аумақтарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз механизмдері мен стратегияларын әзірлеуде. Сонымен қатар, Ауғанстандағы тәліптердің билікке келуі бүкіл Орталық Азия

үшін, әсіресе Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан үшін жаңа сын мен қауіп-қатерлер тудырады.

Тұжырымдама дәлелденген және әдебиеттер ауқымын кешенді талдау нәтижесінде алынған, ҚР БҒМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдағы мақалада көрсетілген. Жаңа геосаяси жағдайларға байланысты және COVID-19 пандемиясы шарттарына қарай нәтиже жаңа болып табылады.

6. Жүргізілген сауалнаманың негізінде Қазақстан және Өзбекстан қоғамындағы Орталық Азиялық консолидация туралы жалпылама түрде пікірлерін білуге әрекет жасалынды. Орталық Азиялық аймақта маңызды рөл атқарушы Қазақстандық және Өзбекстандық қоғамның бір басым бағытты таңдауы, оны түсінуі мен қабылдауы өзара қарым-қатынаста оң үлгі ретінде қабылданып, табысты және сәтті ынтымақтастықтың кілті ретінде қарастырылады. Бірақ, Орталық Азиялық мемлекеттердің консолидациясы аймақтық интеграцияның алғашқы сатысы ретінде жаңа элементтердің пайда болуына, жаңа сценарий құруға біршама мүмкіндіктер туғызады. Қазіргі әлемнің геосаяси және геоэкономикалық императивтерінің теріс өзгерістерін азайтады.

Бұл тұжырым осы зерттеу әдістерінің бірі ретінде Қазақстан мен Өзбекстанда жүргізілген сауалнаманың нәтижелерімен расталды. Әр түрлі жастағы және әлеуметтік топтардың қатысуымен практикалық зерттеулермен расталған бұл ереже зерттеуге ерекшелік береді. Scopus дерекқорына кіретін " Central Asia and Caucasus " журналындағы мақаламен расталған. Нәтиже толықтай жаңа.

7. Қазақстан мен Өзбекстанның халықаралық ынтымақтастығы негізінде Орталық Азияның консолидациясының теориялық моделін жасап шығару мүмкіндігі пайда болды. Ол көлденеңінен және тігінен құрылған сызбалар 10 элементтен тұрады. Тігінен көрсетілген ось бойынша басқару моделі мен шешім шығару моделінен тұратын институционалдық құрылымнан тұрады. Ал, көлденеңінен саяси,

			<p>экономикалық және әлеуметтік- мәдени даму Орталық Азияның консолидациясының кристалдануына және ол өз ретінде аймақтың эффективті интеграциясына әкеледі.</p> <p>Бұл тұжырым Қазақстан-Өзбекстан ынтымақтастығының жан-жақты талдауының нәтижесі болып табылады және Орталық Азия мемлекеттерінің басқару / шешімдер қабылдау және өзара іс-қимыл / ынтымақтастық процестерінің өзіндік моделін қамтиды. Нәтиже жаңа.</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Әдіснаманы таңдау <b>негізделген</b> немесе әдістеме диссертациялық жұмыстың кіріспесінде тереңінен сипатталған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін, мысалы, сауалнаманы және компьютерлік технологияларды қолдана отырып деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдана отырып алынды.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара қатынастар мен заңдылықтар диссертациялық жұмыста және жарияланған мақалаларда <b>дәлелденген</b>, негізделген және расталған.</p>

		эксперимент негізінде дәлелденеді): <b>1)ия;</b> <b>2)жоқ</b>	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған / ішінара расталған / расталмаған</b>	Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған.</b>
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті/жеткіліксіз</b>	Пайдаланылған дереккөздері әдеби шолу үшін <b>жеткілікті.</b> Дереккөздерге әртүрлі құжаттар кіреді, мәселен, мемлекет басшыларының сөйлеген сөздері, монографиялар, тақырып бойынша докторлық, кандидаттық диссертациялар, ғылыми мерзімді басылымдар және т.б.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: <b>1)ия;</b> <b>2)жоқ</b>	Диссертациялық жұмыс <b>теориялық маңызға ие.</b> Себебі, қолданылған жаңа теориялар реляциалық байланыс пен мемлекеттің икемділігі әлемдік саясат, халықаралық қатынастар, аймақтану, саясаттану салаларындағы басқа да зерттеулер үшін пәнаралық контекстте қолданылуы мүмкін.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <b>1)ия;</b> <b>2)жоқ</b>	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану <b>ықтималдығы жоғары.</b> Нәтижелерді ғылыми, оқу, сондай-ақ сыртқы саяси контекстте қолдануға болады. Нәтижелерді оқу үдерісінде "халықаралық қатынастар", "аймақтану", "шығыстану", "саясаттану" және т. б. білім беру бағдарламалары бойынша дәрістер оқу үшін пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1)толығымен жаңа; 2)жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Практикалық ұсыныстар <b>толығымен жаңа.</b> Зерттеудің жаңа теориялары мен тәсілдерін қолдануы, жүргізілген сауалнама мен Қазақстан-Өзбекстан ынтымақтастығы мысалында Орталық Азияның консолидациясының теориялық моделін әзірлеуімен негізделеді.

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Ізденушінің жұмысы түсінікті және ғылыми стильде әзірлегенген.

Сембаева Жансая Сембайқызына «6D020200 – халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға мүмкіндігі Диссертациялық кеңестің үлгі ережесінің 28 ескертуі бойынша Комитет алдында философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау туралы шешімді қолдаймын.

**Ресми рецензент:**

тарих ғылымдарының кандидаты, саяси ғылымдар докторы,  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің  
саясаттану және әлеуметтік- философиялық  
пәндер кафедрасының меңгерушісі

